

18 Uголовnyj kodeks Respubliki Kazahstan ot 3 ijulja 2014 goda №226-V (s izmenenijami i dopolnenijami po sostojaniju na 01.01.2023 g.). – [Elektronnyj resurs]. – 2014. – Rezhim dostupa: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31575252 (data obrashhenija: 15.12.2024)

ҒТАМ:10.15.33
6181.2025.79.1.004
УДК:342.5

10.51889/2959-

Е.А. Бурибаев¹ , Б.А. Сериев^{1*} , М.Р. Конысбекова¹ 

¹ I. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті

(e-mail: info@zhetysu.edu.kz, *seriev_bolat@mail.ru, makpal_konysbekova@mail.ru)

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ – ЖАРИЯЛЫ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ИНСТИТУТ РЕТІНДЕ

Аңдатпа

Мақалада мемлекеттік қызмет жариялы-құқықтық институты ретінде қарастырылады. Мақала мемлекеттік қызметке жария құқықтық институт ретінде қазіргі заманғы ұғымы заңнамалық деңгейде анықталған. Мемлекеттік азаматтық қызметті кәсіби қызмет түрі ретінде зерттеуге ерекше назар аударылды. Мемлекеттік қызмет әлеуметтік институт ретінде мемлекет пен қоғам арасындағы көпір болып табылады. Мемлекеттік қызмет институт ретінде әртүрлі мемлекеттік және қызметтік қатынастарды реттейтін құқықтық нормаларды, құқықтық ережелерді қамтиды. Мемлекеттік қызметті жария-құқықтық реттеу институты ретінде дұрыс ұйымдастыру және баптау азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын тезірек және сапалы дамытуға мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде осы зерттеудің өзектілігін анықтайды. Мемлекеттік қызметтің тиімді жұмыс істеуі үшін мемлекеттік қызметшілердің өз лауазымдық (қызметтік) міндеттерін сапалы орындауы және мемлекеттік басқарудың одан әрі дамуына ықпал ететін идеологияны қалыптастыруы үшін тиісті жағдайларды қамтамасыз ету қажет.

Зерттеу жұмысында құқықтың ғылыми зерттеу әдістері кеңінен қолданылды. Мақаланың талқылау бөлігінде жалпы ғылыми әдістер атап айтқанда, диалектикалық, құрылымдық-қызметтік, формальды-ойлау әдістері қолданылды.

Түйін сөздер: мемлекеттік қызмет, мемлекеттік басқару, мемлекеттік қызметші, мемлекеттік аппарат, құқық, жариялық құқықтық институт.

Е.А. Бурибаев¹, Б.А. Сериев^{1*}, М.Р. Конысбекова¹

¹ Жетісуский университет имени И. Жансүгурова

(e-mail: info@zhetysu.edu.kz, seriev_bolat@mail.ru, makpal_konysbekova@mail.ru)

ГОСУДАРСТВЕННАЯ СЛУЖБА КАК ПУБЛИЧНО-ПРАВОВОЙ ИНСТИТУТ

Аннотация

В статье рассматривается государственная служба как публично-правовой институт. Статья посвящена государственной службе как публичному правовому институту, определяется современное понятие на законодательном уровне. Особое внимание было уделено исследованию государственной гражданской службы как виду профессиональной деятельности. Государственная служба как социальный институт является соединительным мостом между государством и обществом. Государственная служба как институт включает в себя правовые нормы, юридические положения, регламентирующие различные государственные и служебные отношения. Правильная организация и настройка

государственной службы как института публично-правового регулирования позволит более быстро и качественно развивать права и свободы граждан, а это в свою очередь определяет актуальность данного исследования. Для эффективного функционирования государственной службы необходимо обеспечить надлежащие условия для качественного исполнения государственными служащими своих должностных (служебных) обязанностей и формирование идеологии, влияющей на дальнейшее развитие государственного управления.

В представленной работе широко использовались методы научного исследования права. В обсуждаемой части статьи применены общенаучные методы, в частности, диалектический, структурно-функциональный и формально-мыслительный.

Ключевые слова: государственная служба, государственное управление, государственный служащий, государственный аппарат, право, юридический институт.

Ye.Buribayev¹, B.Seriev¹, M.Konysbekova¹

¹ Zhetysu University named after I. Zhansugurov

(e-mail: info@zhetysu.edu.kz, seriev_bolat@mail.ru, makpal_konysbekova@mail.ru)

PUBLIC SERVICE AS A PUBLIC LAW INSTITUTION

Abstract

The article considers the civil service as a public law institution. The article is devoted to the civil service as a public legal institution, the modern concept is defined at the legislative level. Special attention was paid to the study of the state civil service as a type of professional activity. The civil service as a social institution is a connecting bridge between the state and society. The civil service, as an institution, includes legal norms and legal provisions governing various government and official relations. Proper organization and configuration of the civil service, as an institution of public law regulation, will make it possible to develop the rights and freedoms of citizens more quickly and efficiently, and this, in turn, determines the relevance of this study. For the effective functioning of the civil service, it is necessary to provide appropriate conditions for the high-quality performance of their official duties by civil servants and the formation of an ideology that influences the further development of public administration.

In the research work, the methods of scientific research of law were widely used. In the discussion part of the article, general scientific methods, in particular, dialectical methods, structural-functional and formal-thinking methods.

Key words: civil service, public administration, civil servant, state apparatus, law, law institute.

Негізгі ережелер

Қазақстан Республикасында мемлекеттік қызметті және мемлекеттік басқаруды жаңғыртудың жаңа форматтағы әдістерін жүзеге асыру маңызды. Қазақстан Республикасында мемлекеттік қызметті және мемлекеттік басқарудың жаңа форматтағы дамуы және жетілдірудің амал-тәсілдерін іске асыру кезінде шетелдік тәжірибені басшылыққа ала отырып, еліміздің дәстүрлі билік жүйесін, тарихы мен мәдениетін, ұлттық әдет-ғұрып ережелерін негізінде қалыптастыру.

Біздің елімізде азаматтық қоғамның қалыптасуы, демократиялық құқықтық мемлекеттің құрылуы, тиімді әлеуметтік-экономикалық саясаттың құрылуы Қазақстан Республикасында мемлекеттік билік пен басқару органдарының тиімді жүйесінің құрылуына, сондай-ақ мемлекеттік азаматтық қызмет жүйесінің заманауи талаптарына жауап береді. Мемлекеттік қызмет институт ретінде әртүрлі мемлекеттік және қызметтік қатынастарды реттейтін құқықтық нормаларды, құқықтық ережелерді қамтиды. Мемлекеттік қызметті жария-құқықтық реттеу институты ретінде дұрыс ұйымдастыру және баптау азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын тезірек және сапалы дамытуға мүмкіндік береді.

Мемлекеттік қызмет институты құқықтану, экономика, психология, әлеуметтану және тағы басқа әр түрлі ғылымдардың зерттеу пәні болып табылады. Мемлекеттік саясаттың мақсатына жету үшін мемлекеттік қызметті іске асырудағы тиімді әрі нәжіжелі механизмдер маңызды болып табылады.

Кіріспе

Қазақстан Республикасында Мемлекеттік басқару жүйесін қалыптастыру ұзақ және қиын жағдайды басынан кешірді. Мемлекеттік қызмет теориясы мен басқарудың қолданбалы тәжірибесінің үлгілері мен амал-тәсілдері сыналды. Сондай-ақ, конституциялық, еңбек және әкімшілік құқық саласындағы жетекші шетелдік және отандық ғалымдардың теориялық пайымдаулары зерттелді. Мемлекеттік қызмет және мемлекеттік басқару институты бойынша әлемнің озық үлгілерін енгізу арқылы мемлекеттік қызметті реттейтін заңнамаларын жетілдіруді көздейді.

Құқықтық, демократиялық, зайырлы мемлекетті құру мемлекетті басқару тиімді жүзеге асырусыз мүмкін емес, мемлекеттік қызметтің кадр саясаты оның негізі болып табылады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаев «Мемлекеттік басқару институттары үшін қоғамдық игілік жеке мүдделерден жоғары тұруға тиіс» деген болатын [1]. Мемлекет басшысы елімізде мемлекеттік басқару жүйесі мен мемлекеттік қызмет институттарын қоғамдық игілік пен халық мүддесі үшін жұмыс істеуді үндеді, әрине орынды халықтың мүддесі жеке мүддеден басымырақ болуы тиіс деген пайымдау жасағандығын білдіреді.

Сарапшылардың көпшілігінің пікірінше, мемлекеттік қызметті жүзеге асыру шенеуніктер мен мемлекеттік-әкімшілік аппараттың еңбек тәртібін реттейтін құқықтық нормалар мен нұсқамалар жиынтығымен, оның институционалдық іс-қимыл түрлерін бақылауды жүзеге асыру мақсатында қоғамның әлеуметтік-саяси құрылымына кірігуімен, мемлекеттік басқару функцияларын сәтті орындауға мүмкіндік беретін құралдар мен ресурстардың болуымен анықталады. Мемлекеттік қызмет мемлекеттік басқару саласында, яғни материалдық және рухани игіліктер өндірумен, халыққа әлеуметтік қызметтер көрсетумен тікелей байланысты емес қызмет саласында жүзеге асырылады. Бұл ретте мемлекеттік басқару ұғымы оның тар мағынасында тек атқарушы билік саласында ғана жүретін мемлекеттік аппараттың қызметі ретінде емес, қоғамдық өмірдің әртүрлі салаларында мемлекеттің басқарушылық әсері ретінде кеңірек түсіндірілуі керек. Әйтпесе, биліктің атқарушы тармағына жатпайтын өкілді, сот және басқа органдардың мемлекеттік қызметшілерінің қызметі осы тұжырымдамадан тыс қалады [2].

Былай бекітуге болады: «ортақ бір заңды қабылдау, мемлекеттік қызметтің бүтін жүйе ретінде әрекет етуіне ықпал етеді [3]. Жалпыға міндетті ежелер қабылдау, міндетті шешімдерді жүзеге асыруға ықпал етеді.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңы мемлекеттік қызмет саласын реттейтін көптеген нормаларды бекітті. Заңнамада мемлекеттік қызметтің негізгі бағыттары мен принциптері, мемлекеттік қызметшілердің құқықтық жағдайы айқындалған. Онан басқа, бұл заң актісі мемлекеттік қызметтің ұйымдастырылуының және өткерлуінің сұрақтарын тыңғылықты реттейді. Мемлекеттік қызметшілердің материалдық және әлеуметтік-тұрмыстық қамтамасыз етуін белгілейді, сондай-ақ мемлекеттік қызметтің тоқтату тәртібін нақтылайды. Бұл заң мемлекеттік-қызметтік заңнаманың барлығына базалық заңнама болып табылады.

Мемлекеттік басқару институтын жетілдіру арқылы мемлекеттік басқару қызметінің нәтижелігін, кәсібилік деңгейін көтеру, көрсетілген мемлекеттік қызметтің сапасын жақсарту шаралары көзделді.

Әлеуметтік-құқықтық институт ретінде мемлекет қызмет мемлекеттік аппарат жүйесінде мемлекеттік басқаруды кәсіби деңгейде жүзеге асыратын адамдар жиынтығын білдіреді.

Мемлекеттік аппарат жүйесінде заманауи форматта басшыларды кәсіби дамытуға бағытталған әдістерді қолдану аясында мемлекеттік кадр саясатын іске асыру маңызды.

Еліміз бен шет мемлекеттердегі мемлекеттік қызметке қатысты ғылыми еңбектері болғанына қарамастан, мемлекеттік басқарудың ұлттық үлгісін әзірлеу, мемлекет алдына қойған мақсаттарды шешу жолдарын, мемлекеттік аппарат жүйесін дамыту жағдайларын және мемлекеттік қызмет тиімділігін арттырудың құқықтық механизмдерін талдау отандық заң ғылымының зерттеу проблемасына айналды.

Мемлекеттік аппарат, мемлекеттік басқару жүйесінің құрылымының дамуы мен ұйымдастыру тәртібі, мақсат-міндеттері, функционалдық қызметі, мемлекеттік қызметке орналасу және тоқтату тәртібі, мемлекеттік қызметшілердің құқықтық жағдайын анықтау сияқты мәселелер заңнамалық реттеуді талап етеді.

Материалдар мен әдістемелер

Ғылыми-зерттеу проблемасы бүгінгі күнге дейін шетелдік және отандық ғалымдар берген анықтамаларды саралай келе, жариялы-құқықтың институт ретінде мемлекеттік қызметтің түсінігін анықтауға және кешенді-талдауға арналған.

Ғылыми-ізденістің әдістемелік негізін жалпы ғылыми (диалектикалық, құрылымдық-қызметтік, формальды-ойлау), пәнаралық (тарихи, экономикалық, саяттану, саясаттану-социологиялық) және арнайы-заңдық тәсілдер құрап отыр.

Ғылыми мақаланың зерттеу нысаны ретінде - мемлекеттік басқару жүйесі, құрылымы, дамуы мен ұйымдастыру тәртібі, мемлекеттік қызметтің функционалдық мақсаттары мен міндеттері, мемлекеттік қызметке орналасу және қызметті ұйымдастыру, мемлекеттік қызметті тоқтату тәртібі, мемлекеттік қызметшілердің құқықтық жағдайы мен құқықтық жауапкершілігі, мемлекеттік қызметтің отандық және шетелдік тәжірибесі мәселелері бойынша конституциялық, еңбек және әкімшілік құқық саласындағы танымал ғалым-заңгерлердің ізденістері, сонымен тарихшылар, экономисттер мен саясаттанушылар еңбектерінің қарастырылды.

Нәтижелер мен талқылаулар

Мемлекеттік қызмет күрделі, кешенді, көп қырлы әлеуметтік-құқықтық институт ретінде қазіргі жағдайы қоғамның ажырамас бөлігі болып табылады.

Кел келген мемлекеттік билікті ұйымдастырудың үлгісі өте шартты болып саналады. Мемлекеттік билік органдарын әрбір ел өз бетінше әкімшілік-аумақтық бөліністер, тарихы, қаржылық және өзге де жағдайларын ескере отырып, ұйымдастыратын және әрекет ететін конституциялық және заңнамалық деңгейде анықтай алады [4].

Орыс ғалымдары А.Ф.Брокгауз мен И.А.Ефронның энциклопедиялық сөздігі мемлекеттік функцияларды қызметшінің мемлекет атынан іс-қимыл жасауы және қоғам мүддесі үшін белгілі бір мемлекеттің алдына қойылған міндеттерді шешуге бағытталған мемлекетке және қоғамға қатынасы ретінде айқындалады. Қызметтік іс-әрекет жекелеген адамдардың мемлекеттік басқару саласындағы жоғарғы билікті ұстаушының еркін жүзеге асыруға бағытталған іс-әрекеті ретінде түсіндіріледі [5, 570 б.].

Шын мәнінде, мемлекеттік қызметтері мен функцияларын іске асыру мемлекеттік органдар арқылы мемлекеттік қызметшілермен жүзеге асырылады. Тек мемлекеттік қызметшілер мемлекетке өкілдік етеді, себебі олар ресми органдардың ресми функцияларын жүзеге асырады [6, 5 б.].

Заң әдебиеттерінде лауазым ретінде қандай қызмет түрін жібермесін, тек қана қызметкелер үшін айқындалған санап түсіндіріледі [7].

Мемлекеттік қызметші жария тұлға бола тұра, ол мемлекетті бейнелейді, оның әлеуметтік бірегейлігін айқындайтын нақты биліктің өкілі және ұстаушысы ретінде танылды. Осылайша, С.Н. Братановский қызметшілер үшін ақпаратты жұмысының мәні және олардың

басқарылатын қызметтерге әсер ету құралы ретінде көрсетті [8]. Мемлекеттік органдардың мінсіз, кіршіксіздігі, құзіреттілігі жоғары сапаны және қызмет тиімділігін арттыруды қамтамасыз етуге негізделуі, мемлекеттік қызмет кәсіби дайындығы – мемлекеттік құрылымның басты бағыттарының бірі болып табылады.

Мемлекеттік қызмет сөзіне нақты анықтаманы Г.В. Атаманчук «мемлекеттік органдарда лауазымдарды алмастыратын адамдардың лауазымдық өкілеттіктерін, құқықтары мен міндеттерін іске асыру арқылы заңда белгіленген тәртіппен жүзеге асырылатын және мемлекеттің міндеттерін орындауды және функцияларын іске асыруды қамтамасыз етуге бағытталған жария, кәсіптік, мемлекеттік қаражаттан төленетін қызметі. Мемлекеттік қызмет мемлекеттік қызметшілерде билік өкілеттіктерінің қандай да бір көлемінің болуын, яғни бағыныштылар үшін ғана емес, өзге де жеке және заңды тұлғалар үшін міндетті сипаттағы актілер шығару құқығының болуын болжайды және мемлекеттік қызмет қатаң түрде құқықтық негізде жүзеге асырылады, яғни мемлекеттік лауазымдарға орналасу тәсілдері, мемлекеттік қызметшілердің міндеттері, өкілеттіктері, қызмет тәртібі әдетте заңмен анықталады [9]. Әрине жариялы-құқық институты ретінде мемлекеттік қызметті зерттеу, ал, жариялы-құқық институтының субъектісі ретінде мемлекеттік қызметші қарастыру өзекті проблемаға айналды.

Қазақстандық зерттеуші А.К. Ишмухамедова пайымдауынша қазіргі ғылымда жоғарыда аталған жіктеулерден басқа, мемлекеттік лауазымдарды ажыратудың басқа негіздері де аталады. Мысалы, мемлекеттік билік тармақтары бойынша, мемлекеттік билік деңгейлері бойынша, мемлекеттік қызметтің мемлекеттік лауазымдарының санаттары бойынша, мемлекеттік қызметтің мемлекеттік лауазымдарының топтары бойынша, мемлекеттік қызметтің біліктілік разрядтары бойынша негіздер бар. Мемлекеттік лауазымдардың жан-жақты жіктелуін ұсынды [10, 172-177 б.]. Оның негізінде жоғарыда аталған критерийлермен қатар автор басқа да негіздерді: пәндік-функционалдық критерийді, мемлекеттік қызметшілердің мамандануын, қызметтің жалпы сипатын, қаржыландыру көзін, лауазымдарды ауыстыру тәртібін, қазіргі уақытта лауазымдарды ауыстыру белгісін, өкілеттіктер көлемін, органдар функцияларының жалпы сипатын негіздеді, онда мемлекеттік қызметшілер бар, қызмет мерзімі.

Қазақстанда мемлекеттік қызметтің жаңа моделін енгізумен мемлекеттік лауазымдарды саяси және әкімшілік (мансаптық) лауазымдарға заңнамалық бөлу орын алды. Мұндай бөлінудің қажеттілігі көбінесе мемлекеттік қызметтің бұрынғы патронаттық жүйесінің кемшіліктеріне байланысты болды: адамдарды іріктеу және жеке берілгендік қағидаттарын негізге ала отырып, одан әрі ілгерілету; мемлекеттік қызметшілердің өздерінің кәсіби деңгейін көтеруге мүдделі негізсіздігі; олардың әлеуметтік қорғалуының төмендігі; мемлекеттік аппараттағы сыбайлас жемқорлықтың жоғары деңгейі; жаңа басқарушы кадрлардың тұрақты ағынының болмауы және т.б. белгілі бір мемлекеттік органдағы басқару буынының өзгеруі әрдайым дерлік бағынысты кадрлардың өзгеруіне әкеліп соқтырды және көптеген мемлекеттік қызметшілердің жағдайының тұрақтылығына ықпал етпеді [11, 298 б.].

Отандық ғалымдар Б.А.Сери́ев, М.К.Аяжанова, Г.С.Султанованың «Мемлекеттік қызметкердің құқықтық мәртебесі» атты оқу құралында Мемлекеттік қызмет дегеніміз – мемлекеттің егемендігі мен елдің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, азаматтар мен заңды тұлғалардың мүдделерін, құқықтары мен бостандықтарын қорғау саласындағы кәсіби қызметтің ерекше саласы болып табылады. Сонымен бірге, мемлекеттік қызметті құқықтық реттеу мемлекеттік деңгейдегі басқарудың объективті және субъективті көрсеткіштерінің белгілі бір жиынтығы болып табылады, олар ерекше өзектілікке ие болады және мемлекеттік қызметшілер қызметінің тиімділігін анықтайды, соның арқасында мемлекет институтының тиімділігі, сондай-ақ тұтастай алғанда мемлекеттік басқарудың сапалы іске асырылуы анықталады [12, 8 б.]. Мемлекеттік қызмет институтының маңызды құрамдас бөлігі оның принциптері болып табылады. Құқықтық әдебиеттерде бұл мәселе мемлекеттік басқару

қағидаттарымен тығыз байланысты-әлеуметтік-саяси мәнін және мемлекеттік аппарат жүйесінің құрылуы мен жұмыс істеуінің неғұрлым тән белгілерін білдіретін және басқару тәжірибесінде ресми бағдар ретінде әрекет ететін негізгі, басшылық принциптер (ережелер).

Көбінесе мемлекеттік қызмет принциптері кадр саясатының принциптері ретінде қарастырылады-бастапқы принциптер, негізгі ережелер, көзқарастар, объективті негізге ие және әлеуметтік заңдылықтарды, дәстүрлерді, мемлекеттік қызметшілерді даярлау, іріктеу және орналастыру шарттарын, оларға қоғам мен мемлекеттің белгілі бір қажеттіліктерін немесе кадр қызметінің принциптері ретінде қарастырылады - талаптарды сақтау институттың жұмыс істеуіне кепілдік береді жалпы мемлекеттік қызмет [13]. Мемлекеттік қызметтің барлық тетігі мемлекетте саяси және экономикалық тұрақтылықты, құқықтық тәртіпті, азаматтардың заңды құқықтарын, бостандықтары мен мүдделерін кепілді қорғауды қамтамасыз етуге байланысты бірыңғай мақсаттарды, ортақ міндеттерді шешу үшін құрылады [14]. Осы мақсатта Қазақстан Республикасының Конституциясында және заңдарында мемлекеттік қызметтің, оның ішінде кадр саясатының негізгі қағидаттары бекітілген. Сондықтан оларды дәйекті және жан - жақты жүзеге асыру кадрлармен заманауи жұмыстың қажетті шарты болып табылады.

Үкіметтің кеңейтілген отырысында Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев «Әкімдер мектебі» жобасын әзірлеуді және әкімдер институтын оқытуды тапсырған болатын. Мемлекет басшысы әкімдердің тікелей сайлануын енгізу мемлекеттік қызметшілердің – сайланатын басқарушылардың жаңа санатының пайда болуына әкеп соқтырғанын атап өтті. Олардың арасында бұрын мемлекеттік қызметте жұмыс істемегендер, соның ішінде жастар да көп. Сондықтан сайланған әкімдер мен түрлі деңгейдегі басшыларды кешенді даярлау мәселесі өзекті болып отыр [15].

Бұл тұста Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігіне «Әкімдер мектебі» жобасын әзірлеу жөнінде арнайы тапсырма берді. Мемлекеттік басқару жүйесінде әкімдер мектебі арқылы кадрлық резерв қалыптастыруды көздейді. «Әкімдер мектебі» жоба аясында жаңа буын әкімдерін даярлауды және кәсіби шыңдауды көздейді. Мемлекеттік басқару аппаратында әкімдер мектебін құру және одан әрі жетілдіру мемлекеттік билікте жаңа бір жоба екені айқын.

Қорытынды

Жариялы құқықтық институт ретінде мемлекеттік қызметке қатысты шетілдік және отандық ғалымдардың еңбектерін талдай келе, төмендегідей тұжырымдамалар жасадық:

Біріншіден, мемлекеттік қызмет – заңдарда белгіленген тәртіппен мемлекеттік органның лауазымдық өкілеттіктерді жүзеге асыруы, мемлекеттің алдына қойылған функционалдық міндеттерді орындауы және белгілі бір мақсаттар мен нәтижеге жетуге бағытталған ашық, жариялық және кәсіби мемлекеттік бюджеттен төленетін қызметі. Мемлекеттік қызмет ұғымы лауазым түсінігімен тікелей байланысты. Құқық жүйесінде лауазым - нормативтік құқықтық атілерге сәйкес құзыреттілік берілген (құқықтар мен міндеттер көзделген), тиісті орган жүйесінде штаттық кестедегі бірлік, белгілі бір ұйымдастырушылық-қызметтік құрылым.

Екіншіден, Қазақстанның Республикасының Мемлекеттік басқару жүйесін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді мен мемлекеттік басқару тәжірибесін талдау және жинақтау негізінде жұмыстар жүргізілді. Мемлекеттік қызмет жекелеген мемлекеттік органдарда, тек сол органға тән спецификасына ие. Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы Заңымен барлық мемлекеттік органдарға тән жалпы негіздер мен бастамалар берілген, дегенмен жеткіліксіз. Шет мемлекеттердің мемлекеттік басқаруға байланысты тәжірибесі ескеріліп, теориялық ойлар қалыптасып, ғылымға негізделіп дайындалды. Осылайша, зерттеу нәтижесі негізінде мемлекеттік қызмет мен мемлекеттік басқару саласында туындайтын қоғамдық қатынастарды заңнамалық негіздеу мен нормативтің реттеуді

көздейтін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет кодексі қажеттілігі туындап отыр. Қолданыстағы Мемлекеттік қызмет туралы заң нормалары мемлекеттік қызметке байланысты туындайтын қоғамдық қатынастарды заңнамалық реттеуде әлсіздік танытуда.

Үшіншіден, мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару жүйесінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл тиімділігін арттыру маңызды. Мемлекеттік қызметшілер және оған теңестірілгендердің отбасы мүшелерінің тұрғылықты жері бойынша мемлекеттік кірістер органдарына жыл сайын табыстары мен мүлкі туралы декларация тапсыру заңнамалық бекітілгені ақиқат. Бұл норманы барлық халық үшін енгізу көзделуде, орынды деп есептейміз. Себебі, мемлекеттік қызметшілер және оған теңестірілген лауазым иелері табыстары мен мүлкін жасыру үшін өзге азаматтар атына жазып қойған жағдайлар кездеседі. мемлекеттік қызметшілер және оған теңестірілген лауазым иелерін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және алдын алуға бағытталған жүріс-тұрысты түзетуге арналған семинар-тренингтер жүргізу қажеттілігі бар деген ойдамыз.

Төртіншіден, шетелдік ғалымдардың ғылыми еңбектері мен әлемнің озық тәжірибиесін назарға ала отырып, әлемдегі мансаптық өсім және позициялық жүйенің анағұрлым күшті жақтарын Қазақстан Республикасында мемлекеттік қызметті жетілдіру кезінде негізге алу. Мемлекеттік басқарудың шетелдік тәжірибені және оның басқару жүйесінің кейбір элементтерін отандық оңтайландыру процесіне енгізу, мемлекеттік қызметкерді өмір бойы үздіксіз әрі жүйелі оқыту көздеу, мемлекеттік қызметкерге жалақы төлеуде нарықтық механизмдер енгізу, ғылыми дәрежесі бар мемлекеттік қызметкерге ақылы еңбек демалыс беру мүмкіндіктерін қарастыру.

Қаржыландыру туралы ақпарат. Бұл зерттеуді Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім Министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырды (грант №BR27195163 Қазақстанның мемлекеттік қызметінің ұйымдастырушылық мәдениетін трансформациялау архитектурасы).

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 *Қазақстан Республикасында Мемлекеттік басқаруды дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 26 ақпандағы №522 Жарлығы [Электрондық ресурс]. – URL – <https://adilet.zan.kz/kaz/> (жүгінген күн: 29.01. 2025).*

2 *Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы: Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 23 қарашадағы №416-V ҚРЗ. [Электрондық ресурс]. – URL – <https://adilet.zan.kz/kaz/d> (жүгінген күн: 29.01. 2025).*

3 *Дуйсенов Э.Э. Ничего лучшего человечество не придумало // Казахстанская правда. – 2005. - №9. – с.22.*

4 *Соколов А.Н. Правовое государство: от идеи до ее материализации. Монография. — Калининград: Янтарный сказ, 2002. — 456 с.*

5 *Брокгауз Ф.А., Ефрон И.А. Иллюстрированный энциклопедический словарь. Современная версия. – М.: Эксмо, 2006. – 960 с.*

6 *Дуйсенов Э.Э. Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмету туралы заңына түсіндірме (бап бойынша) // Э.Э. Дуйсенов / 2 бас. ауд. Ш.Т. Байсугирова өзгері. – А., 2016. – 340 б.*

7 *Манохин В.М. служба и служащих в Российской Федерации. Правовое регулирование. – М., 1997. – 23-26.*

8 *Братановский С. Н. Правовое регулирование муниципальной службы в Российской Федерации / под ред. д-ра юрид. н. С. Н. Братановского: монография. Директ-Медиа, Москва, 2012. – 198 с.*

9 *Атаманчук Г. В. Сущность государственной службы. - М.: РАГС, 2002.- 272 с.*

10 Ишмухамедова А.К. Правовые проблемы реформирования государственной службы суверенного Казахстана. – Астана, 2003. – 293 с.

11 Турисбек А. З. Классификация государственных должностей. [Электрондық ресурс]. – URL – <https://cyberleninka.ru/article/n/11-2-ponyatiya-i-klassifikatsiya-gosudarstvennyh> (жүгінген күн: 03.02. 2025).

12 Сериев Б. А. Мемлекеттік қызметкердің құқықтық мәртебесі: оқу құралы // Сериев Б.А., Аяжанова М.К., Султанова Г.С. – Алматы: Эпиграф, 2021. – 284 б.

13 Турисбеков З. Государственная служба в Казахстане на пути к открытости и справедливости // Правовая реформа в Казахстане. -2017. - №1. – С. 53-58.

14 Dunleavy, P., & Hood, C. (1994). From old public administration to new public management. *Public Money & Management*, 14(3), 9–16. <https://doi.org/10.1080/09540969409387823>

15 Мемлекет басшысы Қ.-Ж. Тоқаев «Әкімдер мектебі» жобасы туралы сөйлеген сөзі. [Электрондық ресурс]. – URL – <https://egemen.kz/article/380692-toqayev-akimder-mektebi-oqytudgobasyn-iske-qosudy-tapsyrdu> (жүгінген күн: 04.02. 2025).

References:

1 Қазақстан Республикасында Мемлекеттік басқаруды дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 26 ақпандағы №522 Жарлығы [Электрондық ресурс]. – URL – <https://adilet.zan.kz/kaz/> (жүгінген күн: 29.01. 2025).

2 Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы: Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 23 қарашадағы №416-V ҚРЗ. [Электрондық ресурс]. – URL – <https://adilet.zan.kz/kaz/d> (жүгінген күн: 29.01. 2025).

3 Dujsenov Je.Je. Nichego luchshego chelovechestvo ne pridumalo // Kazahstanskaja pravda. – 2005. - №9. – с.22.

4 Sokolov A.N. Pravovoe gosudarstvo: ot idei do ee materializacii. Monografija. — Kaliningrad: Jantarnyj skaz, 2002. — 456 s.

5 Brokgauz F.A., Efron I.A. Illjustrirovannyj jenciklopedicheskiy slovar'. Sovremennaja versija. – M.: Jeksmo, 2006. – 960 s.

6 Dujsenov Je.Je. Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы заңына түсіндірме (бар бойынша) // Je.Je. Dujsenov / 2 бас. ауд. Ш.Т. Бажугирова өзгері. – А., 2016. – 340 б.

7 Manohin V.M. sluzhba i sluzhashhih v Rossijskoj Federacii. Pravovoe regulirovanie. – M., 1997. – 23-26.

8 Bratanovskij S. N. Pravovoe regulirovanie municipal'noj sluzhby v Rossijskoj Federacii / pod red. d-ra jurid. n. S. N. Bratanovskogo: monografija. Direkt-Media, Moskva, 2012. – 198 s.

9 Atamanchuk G. V. Sushhnost' gosudarstvennoj sluzhby. - M.: RAGS, 2002.- 272 s.

10 Ishmuhamedova A.K. Pravovye problemy reformirovanija gosudarstvennoj sluzhby suverennogo Kazahstana. – Астана, 2003. – 293 с.

11 Turisbek A. Z. Klassifikacija gosudarstvennyh dolzhnostej. [Электрондық ресурс]. – URL – <https://cyberleninka.ru/article/n/11-2-ponyatiya-i-klassifikatsiya-gosudarstvennyh> (жүгінген күн: 03.02. 2025).

12 Seriev B. A. Memlekettik qyzmetkerdiń qúqúqtıq mártebesі: oқu qúraly // Seriev B.A., Ajazhanova M.K., Sultanova G.S. – Алматы: Јepigraf, 2021. – 284 б.

13 Turisbekov Z. Gosudarstvennaja sluzhba v Kazahstane na puti k otkrytosti i spravedlivosti // Pravovaja reforma V Kazahstane. -2017. - №1. – S. 53-58.

14 Dunleavy, P., & Hood, C. (1994). From old public administration to new public management. *Public Money & Management*, 14(3), 9–16. <https://doi.org/10.1080/09540969409387823>

15 Memleket basshysy Қ.-Zh. Тоқаев «Әкімдер мектебі» zhobasy turaly сөйлеген сөзі. [Jelekronдық resurs]. – URL – <https://egemen.kz/article/380692-toqaev-akimder-mektebi-oqytudgobasyn-iske-qosudy-tapsyrdy> (zhүgingen күн: 04.02. 2025).

МРНТИ 10.17.25
УДК 342.9.07

10.51889/2959-6181.2025.79.1.005

Б.А. Жетпісбаева¹ , М.С. Бейбітов² , Л.Б. Богатырева^{1*} 

¹Қазақстан Республикасының медицина университетінің С.Д. Асфендиярова

²Евразиялық медицина университетінің Л.Н.Гумилев

(e-mail: bigul-55@mail.ru; beibitov.m@mail.ru; *bogatyreva.l@kaznmu.kz)

ПРАВОВЫЕ МЕХАНИЗМЫ МЕЖДУНАРОДНОГО СОТРУДНИЧЕСТВА В СФЕРЕ ПРОТИВОДЕЙСТВИЯ КОРРУПЦИИ

Аннотация

В статье рассматриваются правовые механизмы международного сотрудничества в противодействии коррупции. В статье анализируются правовые инструменты и подходы, которые международное сообщество использует для противодействия коррупции, само явление коррупции рассматривается как глобальная угроза. Внимание авторов фокусируется на анализе ключевых международных соглашений и инициатив, формирующих устойчивую правовую базу совместной борьбы с данным негативным явлением. Анализируются такие международные документы, как Конвенция ООН против коррупции, Конвенция по борьбе со взяточничеством и другие, практическое применение этих механизмов на уровне современных государств.

Большое внимание авторами уделено анализу существующих вызовов и барьеров, с которыми сталкиваются государства при реализации международных соглашений, а также недостаточную правовую базу на национальном уровне, различия в правовых системах и недостаток ресурсов для эффективной борьбы с коррупцией.

Исследование подчеркивает значимость многостороннего сотрудничества и рекомендует ряд мер для укрепления правовых механизмов на международном и национальном уровнях. Эффективное международное сотрудничество является важным фактором успеха в борьбе с коррупцией, что в итоге способствует укреплению правопорядка и стабильности в каждом государстве.

Ключевые слова: коррупция, противодействие коррупции, конвенция, международное сотрудничество, антикоррупционные коалиции.

Б.А. Жетпісбаева¹, М.С. Бейбітов², Л.Б. Богатырева¹

¹ С. Д. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті

² Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

(e-mail: bigul-55@mail.ru; beibitov.m@mail.ru; bogatyreva.l@kaznmu.kz)

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ САЛАСЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМ АҚПАРАТЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ТЕТІКТЕРІ

Аңдатпа

Мақалада сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдағы халықаралық ғылым ақпаратының құқықтық тетіктері қарастырылады. Мақалада халықаралық қоғамдастықтың сыбайлас